

Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық мемлекеттік педагогикалық институты

Тарих және өнер факультеті

Музыка және бейнелеу өнері кафедрасы

«Бекітемін»

кафедра меңгерушісі, п.ғ.к.

Тури Турикпенова С.Ж.

кафедра мәжілісінде қаралды

«*28*» *03* 20*20* хаттама №*8*



5В10700-Бейнелеу өнері және сызу, 5В010600 - Музыкалық білім
мамандықтары студенттерінің білімін бағалау критерийлері мен әдістері туралы

ЕРЕЖЕ

Аркалық, 2020

Ашық кітаппен және Эссе жазып тапсыратын емтиханға қойылатын талаптар

Эссе дегеніміз (фр. тіл. essai - тәжірибе, лат.т. exagium – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.

Эссе екіге бөлінеді: 1) субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту. 2) объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.

Қолданылуы: білімді бақылау әдісі ретінде талап етіледі. **Жазылу көлемі: 500 сөз, 2-3 бетке дейін.**

Эссе жазу кезеңдері: проблеманы анықтау - ойлану–жоспарлау – жазу–тексеру

ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс ТАЛАПТАР:

- Жеке көзқарастың көрінісі;
- Фактілі дәлелдер (аргументтер);
- Теоретикалық негіздеме;
- Терминдерді қолдану;
- Цитаталарды келтіру;
- Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- Логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- Сауаттылық (пункт., орфогр.);
- Қолданылған ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

Эссенің жазылу құрылымы:

1. Кіріспе. Тақырыптың негізгі мәні мен негіздемесі тезис түрінде көрсетіледі;

2. Тақырыпты дамыту: Тақырыпқа сәйкес бар біліміңізбен: теория, фактілер, идея, ақпараттар, паралелдеу, аналогия, ассоциация, теңеу, сұрақтар қою, т.б. қолданып, дәлелдейсіз (аргументация).

Мыс. 1. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер. 2. Аргумент түсіндіру мысал (факт) байланыстырушы сөйлемдер;

3. Қорытынды. Жалпылау мен аргументтеріңіздің логикалық қорытындысы. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні».

Жиі кездесетін қателіктер:

1. Проблема ашылмайды;
2. Автордың жеке позициясы көрінбейді;
3. Теоретикалық негіздемесі жоқ;
4. Терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
5. Тым қарапайым өмірдің мысалдары көп;
6. Ауызекі сөздер, диалект, сленг, жаргон сөздер;
7. Келтірілген мысалдар автор позициясына қайшы;
8. Қорытындылау, түйін шығару деген жоқ;
9. Логиканың болмауы.

Бағалау талаптары:

1. Тақырып, проблеманы ашуда жеке көзқарас, позиция, қарым-қатынас көрініс табуы.

2-1-0.5-0

2. Проблема теоретикалық деңгейде негізделіп терминдер дұрыс қолданылуы. 1-1-0.5-0

3. Қоғамдық өмір немесе жеке тәжірибесіне сүйенген фактілі дәлелдер. 1-1-0-0

4. Тілді қолдану деңгейі (сан есім, сын есім, етістіктер, т.б.) 1-1-0-0

5. Сауаттылық- 1-1-0-0

Ескерту: емтихан тапсырмасы плагиатқа тексеріледі.

Түпнұсқалығы 60 %; плагиат 40 %;

Эссе жазу бойынша студент білімін бағалау талаптары

Баға	Критерий
А	Тақырып толық ашылған. Тазалығы сай, жазуы анық, түзету жоқ. Емледен 1 қате, тыныс белгіден 1 (1/1) немесе емледен 2 қате, тыныс белгіден 0 (2/0) немесе емледен 0 қате, тыныс белгіден 2 (0/2) қате жіберілген. Барлығы: 2 қате.
А-	Тақырып ашылған. Тазалығы талапқа сай, жазуы анық. 1 түзету бар. Емледен 4 қате, тыныс белгіден 0 қате жіберген (4/0) немесе емледен 3 қате, тыныс белгіден 1 (3/1) немесе емледен 2 қате, тыныс белгіден 2 (2/2) немесе емледен 1 қате, тыныс белгіден 3 (1/3) қате. Барлығы: 4 қате, 1 түзету.
В+	Тақырып толық ашылмаған. Тазалығы талапқа сай, жазуы анық. 2 түзету бар. Емледен 5 қате, тыныс белгіден 0 қате жіберген (5/0) немесе емледен 4 қате, тыныс белгіден 1 (4/1) қате жіберілсе немесе емледен 3 қате, тыныс белгіден 2 (3/2) немесе емледен 2 қате, тыныс белгіден 3 (2/3) немесе емледен 1 қате, тыныс белгіден 4 (1/4). Барлығы: 5 қате, 2 түзету.
В	Тақырыптан сәл ауытқып кеткен. Тазалығы талапқа сай, жазуы анық. 2 түзету бар. Емледен 6 қате, тыныс белгіден 0 қате жіберген (6/0) немесе емледен 5 қате, тыныс белгіден 1 (5/1) қате жіберілсе немесе емледен 4 қате, тыныс белгіден 2 (4/2) қате жіберілсе немесе емледен 3 қате, тыныс белгіден 3 (3/3) қате, немесе емледен 2 қате, тыныс белгіден 4 (2/4) немесе емледен 1 қате, тыныс белгіден 5 (1/5) немесе емледен 0 қате, тыныс белгіден 5 қате. Барлығы: 6 қате, 2 түзету.
С+	Жауапта тақырыптан елеулі ауытқулардың жіберілуі. Тазалығы талапқа сай, жазуы анық. 3 түзету бар. Емледен 6 қате, тыныс белгіден 0 қате жіберген (6/0) немесе емледен 5 қате, тыныс белгіден 1 (5/1) қате жіберілсе немесе емледен 4 қате, тыныс белгіден 2 (4/2) қате жіберілсе немесе емледен 3 қате, тыныс белгіден 3 (3/3) қате, немесе емледен 2 қате, тыныс белгіден 4 (2/4) немесе емледен 1 қате, тыныс белгіден 5 (1/5) немесе емледен 0 қате, тыныс белгіден 5 қате. Барлығы: 6 қате, 3 түзету.
С	Тақырыптан ауытқып кеткен. Тазалығы талапқа сай, жазуы анық. Емледен 7 қате, тыныс белгіден 0 қате жіберген (7/0) немесе емледен 6 қате, тыныс белгіден 1 (6/1) қате жіберілсе немесе емледен 5 қате, тыныс белгіден 2 (5/2) қате жіберілсе немесе емледен 4 қате, тыныс белгіден 3 (4/3) қате, немесе емледен 3 қате, тыныс белгіден 4 (3/4) немесе емледен 2 қате, тыныс белгіден 5 (2/5) немесе емледен 1 қате, тыныс белгіден 6 (1/6) немесе емледен 0 қате, тыныс белгіден 7 қате. Барлығы: 7 қате, 4 түзету.
Д	Тазалығы талапқа сай емес, каллиграфиялық қателер кездеседі. Емледен 8 қате, тыныс белгіден 0 қате жіберген (0/0) немесе емледен 7 қате, тыныс белгіден 1 (7/1) қате жіберілсе немесе емледен 6 қате, тыныс белгіден 2 (6/2) қате жіберілсе немесе емледен 5 қате, тыныс белгіден 3 (5/3) қате, немесе емледен 4 қате, тыныс белгіден 4 (4/4) немесе емледен 3 қате, тыныс белгіден 5 (3/5) немесе емледен 2 қате, тыныс белгіден 6 (2/6) немесе емледен 1 қате, тыныс белгіден 7 (1/7) немесе емледен 0 қате, тыныс белгіден 8 қате. Барлығы: 8 қате, 5 түзету.

Эссе материалдарын рәсімдеу

Эссе көлемі-Word редакторындағы машинкамен басылған мәтіннің 2-3 бетіне дейін
 Шрифт: Times New Roman, кегль-14, интервал-1,5. Барлық жолақтары 20 мм-ден жоғары сол жақта эссе авторының Тегі, Аты, Әкесінің аты көрсетіледі. Ары қарай бір интервалдан кейін – эссе атауы қалың шрифтпен. Содан кейін бір бос интервалдан кейін мәтін орналасады.

Шығармашылық пен тапсыратын емтихан талаптары

Баға	Критерий
A	Студент сурет салуды меңгеру барысында, перспективалық, заңдылықтарын мінсіз меңгерумен қатар жарық көлеңке, қағаз бетіне композициялық шешімін тауып планшет бетіне дұрыс орналастыру, пропорциялық шешімін табу талаптарын толық орындауы керек. Межелік бақылаулар мен СӨЖ тапсырмаларының нәтижелерінің 100% орындалуы болып табылады. Яғни тәжірибе жұмыстарының сапалы орындалуы және эстетикалық талғамымен безендіруі жоғары болған жағдайда ғана бағалануы.
A-	Талаптарына сәйкес суретті толық меңгеру, жүйелі түрде перспективалық, заңдылықтарын мінсіз меңгерумен қатар жарық көлеңке, қағаз бетіне композициялық шешімін тауып планшет бетіне дұрыс орналастыру, пропорциялық шешімін табу. Сонымен қатар кеңістік көлемдерін шешу және реңдік қатынастар, толық аяқталуы. Кейбір тапсырмаға сай байланысты тақырыптан 1-2 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің бар болуы.
B+	Сурет салуды толық біледі. Кеңістікте бейнелеудегі әдістерді толық меңгерген, берілген бейненің терең кеңістікті заңдылықтарын сақтай отыра графикалық кеңістікті құруы. Кейбір суреттерінде үйлеспеушілік пен қателердің болуы. Студент жіберген қателерін оқытушының көмегімен түзете алады. Жалпы кез келген техникалармен жұмысты меңгеріп, нақты сурет сала алуы.
B	Кеңістікте бейнелеудегі әдістерді толық меңгерген, берілген бейненің терең кеңістіктегі заңдылықтарын сақтаған, Кейбір тапсырмаға сай байланысты тақырыптан 2-3 жеңіл-желпі үйлеспеушілік пен қателердің бар болуы.
B-	Жалпы студент берілген аудитория жұмыстарынан тыс, берілген СӨЖ тапсырмасы толық емес, негізгі материалды меңгергенімен, оны саралай талдаудасуреттің шығармашылығы жағынан қиналып, нақты көрсете алмауы.
C+	Жұмыстары толық, бірақ сапалы және нақты көрсете алмаған. Жұмыстарында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар бар. Негізгі ұғымдарды анықтауда жіберген қателерін түзетуге қиналған жағдайда қойылады.
C	Студенттің сабақтан көп қалуы, тақырыптан қалып қойып, нәтижеге жету барысында тапсырманы баяу орындауы. Қосымша тапсырмаларды орындауда қателіктердің болуы, сурет сабағында техникалық образын шығарудағы шеберлікті шыңдай алмауы.
C-	Студентке берілген тапсырмалардың толық аяқталмауы. Салған аудиториялық жұмыстар, ОСӨЖ және СӨЖ жұмыстарының толыққанды нәтижелерінің жеткіліксіздігі, сурет салу техникасын толық меңгермегендігі байқалады, нәтиже көрсеткіші аз болып, талаптардың орындалмаған жағдайында бағаланады.
D+	Көптеген жұмыстары түгел емес, планшет бетіне дұрыс орналастыра алмағаны, пропорциялық шешімінің табылмағаны. Сонымен қатар кеңістік көлемдерін шешу және реңдік қатынастар, толық аяқталмағаны, тапсырмаларды орындағанын көрсете алмау (қате болса да). Көп елеулі қателері бар. Білім алушы оқытушының көмегінен кейін ғана түзетуі.
D	Студент сабаққа дайындығына нашар, тақырыпты толық меңгермеген, суреттерінде елеулі қателер байқалады. Қосымша тапсырмаларды орындамауы, қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды. Талаптарды орындамауы. Талапқа сай бола алмауы.
FX	Студент дайындығы өте нашар, сабақтың мағынасын түсінбейді. Сурет салуы орташа, көптеген қателер байқалады. Оқытушының берген тапсырмасын орындамауы, және қойылған талапты орындамауы. Тақырыпты толық меңгермеген жағдайда қойылады.
F	Студент сабаққа қатынаспаған жағдайда, дайындығы өте нашар, ОСӨЖ және СӨЖ жұмыстарының жеткіліксіздігі, сурет салу техникасын толық меңгермегендігі берілген тапсырмалардың орындалмаған жағдайда сурет салғанда көптеген қателердің көп болуы. Өз мамандығын сезіне алмауы. Талапқа сай бола алмауы.